



030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

030010, город Актөбе, пр. Абилкайыр хана, 40
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

20 19 жылғы 19.06 № _____

2019 жылғы 19 маусымда
облыстық мәслихаттың
сессиясында жария етілген

Ақтөбе облысының әкімі
О.С.Оразалинге

Депутаттық сауал

Құрметті Ондасын Сейілұлы!

Талай дарынды жас дүниеге келген Ақтөбе топырағы ең алдымен - қазақтың білімі мен ғылымының ең алғаш іргетасы қаланып, дамыған өңірі ретінде тарихта қалған мекен.

Қазіргі таңда еліміздің болашақ дамуы мен перспективалары да білімі кемел, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті жастарымыздың қолында екені сөзсіз.

Ал сол жастардың жоғары дәрежеде білім алуы үшін мол мүмкіншіліктер ашу, томағасын сыпырып, қанаттарын самғату – ол мемлекетіміздің алға қойған бірден бір саясаты деп білемін.

Осы мәселеге байланысты Сізге Ақтөбе қаласының Ақжар-2 елді мекеніндегі №49 орта мектебі жанынан құрылған Қамқоршылық қоғамдық кеңесінің төрағасы А.Қ.Аманғостың өтінішін депутаттық сауал ретінде жолдағым келеді.

Жоғарыда аталған №49 орта мектеп – соңғы жылдары бой көтерген білім нысандарының бірі. 2014 жылдың 1 қыркүйегінен бастап сол маңдағы елді мекендердің жеткіншектерін міндетті орта біліммен қамтамасыз етіп келе жатқан оқу ордасы.

№49 орта мектептің оқу кабинеттеріндегі оқушылардың кең көлемде зертханалық жұмыстар жасап, үлкен тәжірибелер көрсетуіне қызмет етуге тиіс техникалық құрал-жабдықтар осы күнге дейін белгісіз себептермен қолданысқа енгізілмей келген. Аталған мәселеге қатысты Қамқоршылық қоғамдық кеңесі Ақтөбе қалалық білім бөліміне, Ақтөбе қаласының әкіміне бірнеше мәрте хаттар жолдаған, бірақ нәтиже жоқ.

Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін!» деп жырлап өткендей, болашақ ұрпағымыздың ертеңін бүгін ойлап, олардың жоғары дәрежеде білім алуына мол мүмкіндік жасау кезек күттірмейтін шаруа деп білемін.

Сізден, өңір басшысы ретінде, білім мен ғылымның жанашыры ретінде, игілікті істердің ұйытқысы болып, Ақтөбенің білімі мен ғылымының

дамуына қолдау көрсетіп келе жатқандығыңызды тілге тиек ете келе, зор алғысымды білдіре отырып, №49 орта мектептің мәселесіне назар аударып, оқушыларымыздың қазіргі заман талабына сай, техникалық құрал-жабдықтардың мүмкіншіліктерін кең көлемде пайдалануына ықпал етуіңізді сұраймын.

**Құрметпен,
Физика-математика ғылымдарының
докторы, профессор,
облыстық мәслихаттың депутаты**

**К.Кенжебаев**